

**6D010300/8D01101 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Кастаев Серик
Канатовичтің «Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін
педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы
диссертациясына**

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Ізденушінің диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың нормативтік құжаттары мен мемлекеттік бағдарламаларына, еліміздегі ғылымды дамыту бағыттарына сай келеді. Тақырыпты ашуда жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік міндетті стандартында көрсетілген болашақ педагогтерді даярлау талаптарын қанағаттандыру, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында көрсетілген оқу жұмыстарын ұйымдастыру және «Педагог» кәсіби стандартында, «Педагог мәртебесі туралы» Заңында мұғалімдердің кәсіби даярлығын қамтамасыз ету мәселелері негізге алынған. Жоғары білім беру мен болашақ мамандарды даярлауға қатысты аталған құжаттардағы міндеттермен үндескен бүгінгі қарастырылып отырған ғылыми жұмыс тақырыбы өзекті екендігі сөзсіз. Өйткені оқушылардың оқу жұмыс түрлерін нәтижелі ұйымдастыруы – болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігі мен кәсіби даярлығын талап етеді. Сол себепті С.К. Кастаевтің болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру мәселесін қозғап отырған диссертациялық жұмысы көкейкесті әрі жоғары білім мен ғылымды дамытуға арналған деуге толық негіз бар.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа	Серик Кастаевтің диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы» зерттеу бағытына сәйкес келеді, 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау (6D010300 – Педагогика және психология) бағыты бойынша ұсынылған.

		мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаған.	С.Кастаевтің қол жеткізген ғылыми-практикалық нәтижелері педагогика ғылымының дамуына, нақтырақ айтқанда, оқу жұмыстарын ұйымдастырудағы педагогикалық тапсырмаларды әзірлеу, болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру мәселесін шешудегі психологиялық, педагогикалық, әдістемелік саладағы теориялық білімдердің дамуына айтарлықтай үлес қосады. Өйткені: <i>Біріншіден</i>, диссертант зерттеу жұмысында болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыруды зерттеу мен жүзеге асыруға қажетті теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындаған. <i>Екіншіден</i>, болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық кәсіби іскерліктерін қалыптастырудың мәні мен мазмұнын нақтылаған. «Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері - білім алушылардың қалыптастырылған құндылықтары тұрғысынан ұйымдастырушылық білімі мен іскерліктерін педагогикалық міндеттерді шешу мақсатында оқушылар тобының іс-әрекетін жобалауға, ұйымдастыруға, реттеуге бағытталған практикалық әрекеттерді саналы, нәтижелі және уақтылы орындай алуы (дайындық құраушысы ретінде)» деп авторлық анықтамасын беріп, оның құрылымын сипаттаған. Сондай-ақ, ұйымдастырушылық іскерлік басқа да педагогикалық іскерліктер тұрғысынан көрсетілген. <i>Үшіншіден</i>, болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде

			калыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеген. Педагогикалық тапсырмалар негізінде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлерін анықтаған. Құрылымдық-мазмұндық модельді жүзеге асырудың тиімділігін айқындайтын психологиялық, педагогикалық шарттарды іс-әрекеттер жиынтығынан тұратынын қарастырған. Төртіншіден, болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың әдістемесі дайындалып, оның мазмұны оқытудың технологиялық картасына, педагогикалық тапсырмаларды қолдануға, оқыту техникасын жүзеге асыруға негізделген және оның тиімділігі практикада расталған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Серик Кастаевтің диссертациялық жұмысы өз бетімен дербес, сауатты ғылыми тілмен жазылған еңбек. Жұмыс мазмұны ұғынықты әрі ғылымилығы жоғары. Диссертант теориялық тұжырымдарын қалыптастыруда оқу материалдарын, зерттеулерді толық мәнді сараптамалық тұрғыдан талдаған, өзіндік ойын түйіндей білген. Зерттеу бойынша негізгі ұғымдарын өз түсініктерімен, авторлық анықтамасымен нақтылаған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі дәлелді негізделген. Зерттеу барысында диссертанттың мемлекеттік бағдарламаларға, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге және білім берудегі практикаға жасаған талдауы нәтижесінде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыруды зерттеу қажеттігі мен осы үдерісті ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету барысында бірқатар қарама-қайшылықтарды анықтаған: - ұйымдастыру іскерліктерін қалыптастыруда педагогикалық тапсырмаларды пайдаланудың мүмкіндік деңгейінің болуы мен оларды болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үдерісінде пайдалану жеткіліксіздігі; - педагогикалық тапсырмалар негізінде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру қажеттілігі мен

		оның теориялық тұрғыдан негізделмеуі; - болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру мүмкіндіктерінің болуы мен ол бойынша әдістеменің жеткіліксіздігі арасында. Бұл қарама-қайшылықтар диссертациялық зерттеу мәселесінің өзектілігін дәлелдей түспек.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны жұмыс тақырыбын <i>толық көлемде айқындайды</i> . Зерттеу кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Ғылыми болжам мен жетекші идея диссертация тақырыбын айқындауға бағытталған.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері <i>диссертация тақырыбынан туындағандықтан, толыққанды сәйкес дей аламыз</i> . Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау, әдістемесін жасау және оны тәжірибеде қолданудың тиімді жолдарын анықтауды көздейтін диссертация мақсатына зерттеу міндеттері толығымен сәйкес келеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның бөлімдері мен құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелері ішкі бірлікті сақтай отырып, логикалық тұрғыдан <i>жүйелі байланысқан</i> . Диссертациялық жұмыстың ғылыми теориялық және тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Диссертант ғылыми нәтижелерді дәйекті ұсына білген.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Зерттеу барысында автор салыстырмалық талдау жүргізіп, бағалаған шешімінде <i>сыни талдау бар</i> , яғни «іскерлік», «ұйымдастырушылық іскерлік», «болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері» ұғымдарын нақтылауда ғалымдардың берген анықтамаларына, ғылыми еңбектердегі түсіндірмелерге талдау жасауы, педагогикалық тапсырмалардың түрлерін анықтау мен болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруда педагогикалық тапсырмалар технологиясының дидактикалық мүмкіндіктерін оқу-тәрбие жүйесіне қатысты

			көрсетуі және зерттеу мәселесін шешуді мазмұндауымен, қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеуімен және оны жүзеге асыру шарттарын айқындауымен, оларды жүзеге асыру әдістемесін жасауымен негізделеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Жұмыста теориялық-әдіснамалық және практикалық маңызы бар толығымен жаңа және сенімді ғылыми нәтижелер алынған: - Бірінші нәтиже толығымен жаңа болып табылады, өйткені қазіргі уақытта педагогика ғылымында болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру аспектісінде жүргізілген зерттеулер жоқтың қасы, осы олқылықты зерттеуші толықтырып отыр. Шетелдік зерттеушілердің еңбектерін талдауы авторға зерттелетін құбылыстың ерекшеліктерін анықтауға және болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру мәселесінің зерттелуін ұсынуға мүмкіндік берген (1-бөлім, § 1.1; § 1.2) және болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыруды зерделеуде және жүзеге асыруда басшылыққа алынатын әдіснамалық тұғырлардың сипаттамалары мазмұндалған (1-бөлім, § 1.3); - Екінші нәтиже де толығымен жаңа, өйткені автор болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық кәсіби іскерліктерін қалыптастырудың мәні мен мазмұнын сипаттаған және болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері құраушыларын анықтаған, педагогикалық тапсырмалар технологиясының дидактикалық мүмкіндіктері негізінде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру бағдарларын ұсынған (2-бөлім, § 2.1, § 2.2); - Зерттеудің үшінші нәтижесі толығымен жаңа деуге негіз бар, болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, оның компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері (мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексивті-бағалау) түзіледі (2-бөлім, § 2.3); - Төртінші нәтиженің жаңалығы зерттеліп отырған даярлықты қалыптастыру

			әдістемесінің дайындалуы және оның тиімділігінің эксперименттік жұмыспен дәлелденуінде, бұл нәтиже де толығымен жаңа. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардағы айқындаушы және қалыптастырушы кезеңдер барысында автор болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыруға ұсынылған әдістемесі, оның тиімділігі эксперименттің үш кезеңінде жүзеге асырылып дәлелденеді (3-бөлім, § 3.1, § 3.2, § 3.3).
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияда тұжырымдалған қорытындылары мен ғылыми негізделген ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады. Диссертация қорытындыларының нақтылық дәрежесі болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудағы теориялық-әдіснамалық негіздеулерді тұжырымдаумен, құрылымдық-мазмұндық модельдің мазмұнын қорытындылаумен және әдістеменің дайындалуымен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерімен, ізденушінің жеке педагогикалық тәжірибесімен расталады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Докторанттың ұсынған болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың ғылыми теориялық негіздері, тәжірибелік мәнділігі жаңа тұрпатта негізделген. Университетте болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру әдістемесі негізделген (Ж қосымшасы), ЖОО студенттері 6В01 «Физика» және «Биология» білім беру бағдарламаларының білім алушылары үшін сауалнама әзірленген (В, Г, Д, Е қосымшалары). Технологиялық шешімдердің негізділік дәрежесі М.Әуезов атындағы ОҚУ мен ОҚМПУ оқу процесіне практикалық енгізумен расталады (3 қосымшалары).
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және	Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдалған қорытындылардың ғылыми негізі бар және шынайы деп қарауға болады. Себебі, зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері мемлекеттік бағдарламаларға, заңнамаларға және ғылыми теорияларға (Б.Д. Красовский, В.М. Минияров, М.Ю. Забияко,

		гуманитарлық бағыттары бойынша)	С.В. Иванова, Н.И. Кондаков, Л.М. Фридман, В.С. Аванесов, П.И. Пидкасистый, Т.И. Шамова, И.А. Зязюн, Н.Д. Хмель, К.А. Дуйсенбаев, Қ.Бөлеев, А. Тұрғынбаева, А.А. Бейсенбаева және т.б.) негізделуімен және қарастырып отырған ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін нақтылаумен, сонымен қатар әртүрлі ғылымдар саласындағы ойтұжырымдарды саралау арқылы қол жеткізілген. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен қорытындылар болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыруда теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Зерттеу жұмысының қорытындылары ғылыми-тәжірибелік деңгейде негізделген және математикалық статистикалық талдаулар арқылы нақтылы расталған және негізгі нәтижелері 16 ғылыми-әдістемелік еңбектерде жарияланған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ	Диссертант С.К.Кастаев диссертациялық жұмыс бойынша төрт қағида ұсынған: 7.1 Қағидаттар теориялық, әдістемелік және практикалық зерттеу барысында толығымен дәлелденді. 7.2 Тривиалды емес, себебі болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыруда күрделі модель әзірленді. 7.3 Диссертациялық жұмыстың <i>әрбір қағидаты жаңа</i> болып табылады. Өйткені <i>бірінші қағидат</i> зерттеудің бағдарын және оның жүзеге асырылуын айқындайтын әдіснамалық тұғырлардың айқындалуымен, олардың мазмұндық ерекшеліктерімен дәйектелген. <i>Екінші қағидат</i> авторлық анықтамаға негізделген. <i>Үшінші қағидатта</i> аталған даярлау үдерісін жүзеге асыратын мазмұндық-мақсаттық, іс-әрекеттік, бағалау-нәтижелілік бөліктерінің бірлігі, оның жүзеге асу нәтижесін өлшейтін көрсеткіштері мен деңгейлерін қамтитын құрылымдық-мазмұндық модель ұсынылған және қамтамасыз етудің психологиялық, педагогикалық шарттары айқындалған. <i>Төртінші қағидатта</i> авторлық әдістеме негізделіп дәлелденген. 7.4 Диссертациялық жұмыстың қолданбалық деңгейі зерттеу пәні бойынша жаңа білімді ұсынады, болашақ мұғалімдердің

			ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде даярлығын қалыптастыруда қолданылу ауқымы кең. 7.5. Диссертацияның негізгі қағидалары 16 ғылыми басылымдарда (15 ғылыми мақала, 1 оқу-әдістемелік құрал) жарық көрген. С.К.Кастаев зерттеу нәтижелерін 5 түрлі деңгейлі ғылыми-тәжірибелік конференцияда баяндаған.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жок	Зерттеу проблемасының теориялық және әдіснамалық негіздеріне автор болашақ мұғалімдерді даярлаудағы жүйелік, жеке тұлғалық-шығармашылық, іс-әрекеттік, құзыреттілік тұғырлардың жиынтығын алып, әдіснаманы нақты жазып көрсете білген. Әдістері дұрыс таңдалған және тиімділігі дәйектелген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жок	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Зерттеу барысында тәжірибелік-эксперимент жұмысы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік, М.Әуезов атындағы ОҚУ және ОҚМПУ ұйымдастырылған. Зерттеу барысында сауалнама, тестілеу бойынша алынған нәтижелерді өңдеудің математикалық-статистикалық әдістерін қолданып, тиісті ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Зерделеу барысында, бақылау, сұхбат, сұрақ жауап, тест және әр түрлі диагностикалық әдістемелер қолданылған және пайдаланылған (3-бөлім. § 3.2, § 3.3).
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жок	Диссертанттың теориялық тұрғыдан «модель» ұғымы, оның әрбір құрамдас бөліктері қарастырылған психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жасаған талдауымен, педагогикалық еңбектерді басшылыққа алуымен қамтамасыз етілген. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі: мазмұндық-мақсаттық, іс-әрекеттік, бағалау-нәтижелілік бөліктерден тұратыны және оның тиімді жүзеге асырылуы үшін психологиялық-педагогикалық шарттар анықталған. Теориялық қорытындылар 3 ЖОО базасында жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстармен дәлелденген және расталған, бұл осы диссертацияның 3

			қосымшасында ұсынылған зерттеу нәтижелерін енгізу актісімен расталған. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері оңтайлы өзгерістер динамикасын көрсеткен.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған /ішінара расталған /расталмаған	Маңызды тұжырымдар ҚР нормативтік-құқықтық құжаттарына болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру мәселесі бойынша шетелдік және отандық ғалымдардың педагогикалық әдебиеттеріне, сөздіктерге, анықтамалықтарға, оқу әдебиеттері мен оқу-әдістемелік құралдарға, ЖОО педагогтарына арналған әдістемелік нұсқаулықтарға сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 274 библиографиялық атаулардан тұрады және ғылыми, оқу, мерзімді, заңнамалық-нормативтік, құжаттық, статистикалық, электрондық және басқа да дереккөздердің жеткілікті тізбесін білдіреді.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеудің теориялық маңыздылығы бар екендігіне автордың: «болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері» ұғымының құрылымы мен мазмұны нақтылауы; болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру критерийлері, көрсеткіштері мен деңгейлерін негіздеуі; мазмұндық-мақсатты, іс-әрекеттік, бағалау-нәтижелілік блоктарды қамтитын ЖОО-да болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеуі дәлел болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Жұмыстың практикалық маңыздылығы болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру үдерісін әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуден тұрады. Сол себепті зерттеудің практикалық маңыздылығы бар және автордың қол жеткізген ғылыми нәтижелері кең көлемде практикада қолдану мүмкінділігі жоғары деп есептеуге болады. Ізденуші практикада қолдану үшін 6В01 Педагогикалық бағытындағы «физика және биология» білім беру бағдарламасының білім алушылары үшін «Педагогикалық тапсырмалар технологиясы» арнайы курсы әзірлеп,

			сынактан өткізген. «Педагогикалық тапсырмалар» оқу құралы аталған мәселені нәтижелі шешуге ықпал етеді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Әсіресе автор әзірлеп, эксперименттік тәжірибеден өткізген «Педагогикалық тапсырмалар технологиясы» атты элективті курс бағдарламасы; педагогикалық тапсырмалар (сұрақтар, тесттік тапсырмалар, оқу тапсырмалары, оқу міндеттері) диссертанттың негізгі қағидаларының ЖОО деңгейінде алғаш ұсынылуын айғақтайды. Зерттеу материалдарын болашақ мұғалімдерді даярлайтын білім беру ұйымдарында, жалпы білім беретін мектептердің, колледждердің тәжірибесінде, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру мен кәсіби даму орталықтарында пайдалануға болады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Ізденушінің академиялық жазу сапасы жоғару, себебі диссертацияның тілі мен стилі талаптар шеңберінен шығып, мазмұнын түсіну жеңіл. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.
11	Диссертацияға ескертулер		Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс сауатты жазылған. Тек кейбір техникалық қателер арагидік кездеседі.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми		Зерттеу жұмысының нәтижелерін объективті түсіндіру автор ұсынған негізгі ғылыми қағидаларды ашатын жарияланымдар тізімімен қамтамасыз етілген. Диссертациялық зерттеудің теориялық негіздері мен қорытындылары Web of Science (Clarivate Analytics) және Scopus (Elsevier) атты ғылыми басылымдарда, Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті базасына кіретін ғылыми журналдарда ғылыми мақалалары жарияланды. Мақалаларының мазмұны диссертация тақырыбынан ауытқымайды.

	деңгейін зерделейді)		
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Кастаев Серик Канатовичтің «Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын барлық талаптарға жауап береді және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Кастаев Серик Канатовичтің 6D010300/8D01101 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясы толық, аяқталған ғылыми жұмыс, сол себепті философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент, академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті «Бастауышта оқыту
педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасының
профессор-зерттеушісі,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор

С.К. Абильдина

ҚОЙЫЛҒАН ҚОЛДЫ РАСТАЙМЫН

Қ.Б. Ата, и.м.н. Касимов

